



Еліміздің Астана күні қарсаңында және бес әлеуметтік бастаманы жүзеге асыру аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 1250 орынды жайлылығы жоғары жаңа Студенттер үйінің құрылысы бастау алды.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАҢА ҮЙІ



Жаңа жатақхананың тасын қалау рәсіміне университет басшылығы, инвестор мен құрылыс компанияларының, қоғам және БАҚ өкілдері, университет оқытушылары мен студенттері қатысты.

Салтанатты шарада сөз алған ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешуге мемлекет ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтті. Бұл маңызды міндетті бес әлеуметтік бастаманы жүзеге асыру аясында Тұңғыш Президент Н.Назарбаев қойған болатын. Университет осы бағытта дәйекті жұмыс істеуде. Жаңа Студенттер үйінің құрылысын бір жылдан кейін аяқтау жоспарлануда. Айта кетерлік жайт, оның құрылысы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде жүзеге асырылуда, инвестор – «Baikadam» компаниясы, ал құрылысшы компания «СК Самұрық-Құрылыс» ЖШС. Жалпы көлемі 22,5 мың шаршы метрді құрайтын тоғыз қабатты ғимаратта асхана, компьютерлік сыныптар, демалыс орындары, мәдени-тұрмыстық нысандар болады. Студенттер әжетхана және себезгімен жабдықталатын екі орынды бөлмелерде тұратын болады.

Соңғы жылдары ҚазҰУ QS жаһандық рейтингісінде 165-орынды иеленіп, осылайша әлемнің ең үздік 200 ЖОО-ның қатарына кіріп айтарлықтай халықаралық жетістіктерге ие болды. Университетке түсуге ниет білдірушілердің саны да артуда, олардың қатарында шетел азаматтары да бар. Көптеген студенттер тұрғын үйге мұқтаж, ал жаңа жайлы жатақхана салу бұл мәселені шешуге мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден

THE: ҚАЗҰУ МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖОҒАРЫ БАҒАСЫ

Әлемге белгілі «Times Higher Education» агенттігінің зерттеу қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үздік менеджменті бар Азиядағы жоғары оқу орындарының топ-10 көшбасшысы қатарына кірді.

Астана күнін мемлекеттік мереке деп жариялаудың тарихи тұрғыдан ерекше мәнін айтпағанның өзінде, болашақ еліміздің жастарына білім беріп отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінің ұстаздары үшін тәрбиелік тұрғыдан маңызы өте зор.

АСТАНА КҮНІ – ТӨЛ МЕРЕКЕМІЗ!

Тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы жаңа елордамызды құрметтеп, ұлықтау арқылы біздер еліміздің келешегі – жастарға білім беріп қана қоймай, олардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді дарытып, студенттердің патриоттық сана-сезімін, мінез-құлқын, байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық сынды мінездерін қалыптастыруға ат салысамыз. Осынау төл мерекеміз – Астана күнін атап өту студент жастарымыздың бойында сондай бір мақтанш сезімін ұялатады. Оның себебі жазық даладан құбылаға бет түзеген, сәні мен салтанаты жарасқан, сәулеті талайларды тамсандыратын елордамыз Тәуелсіздігіміздің тірегіне, экономикамыздың жүрегіне айналды. Еліміздің астанасының ертеңіне барлық қазақстандықтар үлкен үмітпен қарап, бүкіл әлем қызыға көз тігуде. Сәулеті мен сәніне көз жүгірте отырып, бір көру арман болып жүрген дүниежүзілік шаһарлардың деңгейіне жетті. Мәдениеттің ошағы, ғылым мен білімнің ордасы болып табылатын жас қала, баршамамыздың арман қаламыз. Елордамызда бой көтерген бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі әкімшілік ғимараттар, тұрғын үй кешендері, басқа да инфрақұрылымдық нысандарға көз тіге отырып, біздің жастарымыз Қазақстанның жарқын болашағына зор үмітпен қарап, жоғары әлеуметтік белсенділік көрсетіп, осылардың барлығының мемлекеттің, ұлттың келешегі,

ұрпақтың бақыты үшін жасалып жатқан игі шаруалар екендігін жақсы түсінеді. Осындай дамыған елде өздері де мол табыстарға жетіп, университет қабырғасында алған білімдерін қазақ елінің болашағы үшін, өз Отанын дамыту жолында аянбай еңбек етуге жұмсайтынына біздің сеніміміз мол.

Жастарды білім жолына бағыттап, түзу жолдан тайдырмай, санаға сәуле шашар білімнің тізгінін ұстату мемлекет пен қоғамның міндеті болып саналады. Келешектің іргетасын қалау үшін, ең алдымен сол елдің жастарының саналы ұрпақ болып жетілуіне біз, ұстаздар қауымы күш салуымыз керек. Ал Нұрсұлтандай астанасы бар, үш тілде білім алуға мүмкіндігі бар қазақ жастарының бүгінгі күні арманы мен тілегі жоқ деуге болады.

Жаңа заманда жасампаздықпен қалыптасып жатқан астанамыздың шоқтығы биік бола берсін! Бүгінгі қазақ елінің астанасы күні құтты болсын! Сондықтан да, жас елордамыз көркейіп, гүлдене берсін!

**Р. РЫСҚАЛИЕВА,
С. РОМАНОВА,**

химия және химиялық технология факультетінің оқытушылары



Жетекші қазақстандық университет «THE Asia Award-2020» рейтингінің көшбасшылық және менеджмент бойынша үздік команда номинациясында «Outstanding Leadership and Management Team» атап өтілді.

Жалғасы 2-бетте

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

2-бет

РЕКТОР КАЗНУ ДАЛ ИНТЕРВЬЮ ТУРЕЦКОМУ ЖУРНАЛУ

3-стр.

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

7-бет

РЕКТОР КАЗНУ ДАЛ ИНТЕРВЬЮ ТУРЕЦКОМУ ЖУРНАЛУ

Известный турецкий журнал «Yerli düşünce» («Йерли Душундже») опубликовал интервью с ректором КазНУ им. аль-Фараби, академиком Галымом Мутановым. Материал содержит развернутую информацию об истории и достижениях ведущего вуза Казахстана, успешно продвигающегося в мировых рейтингах.

Казахстана, успешно продвигающегося в мировых рейтингах.

Спикер рассказывает о трансформации КазНУ в исследовательский университет мирового уровня, научном и инновационном потенциале вуза, его цифровизации, а также освещает вопросы международного сотрудничества, в том числе с вузами Турции. Особое внимание ректор КазНУ уделил в интервью личности и творческому наследию великого мыслителя человечества Аль-Фараби, чье 1150-летие отмечается в этом году под эгидой ЮНЕСКО в международном масштабе.

Журнал «Yerli düşünce» издается с 2014 года при поддержке Министерства культуры и туризма Турецкой Республики.



Соб. корр.

Продолжение. Начало на 1 стр.

АНТИКОРРУПЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Так, целью культивирования и продвижения норм добропорядочности и академической честности в университетской среде был принят антикоррупционный стандарт, разработаны и внедрены кодекс корпоративной культуры преподавателей и сотрудников, кодекс чести студентов, создан академический совет по качеству образования. В университете начата подготовка к сертификации на соответствие международному стандарту менеджмента качества противодействия коррупции ИСО 370001, разработана и внедрена технология по обеспечению открытости и прозрачности в организациях высшего и послевузовского образования. Проводимый ежегодно на основе анкетирования среди студентов и преподавателей мониторинг позволяет оценить эффективность проводимой антикоррупционной политики и принимаемых мер.

Доклад проректора по учебной работе КазНУ А.Хикметова был посвящен академической честности и корпоративной культуре университета. «Корпоративная культура должна формироваться как со стороны наших преподавателей, так и со стороны студентов. Нетерпимость к коррупции должна быть обоюдной. Культура строится на ценностях и традициях нашего вуза, на системе лидерства, стандартах и нормах,

моделях поведения каждого из участников университетского сообщества», - подчеркнул в своем выступлении проректор. Спикер раскрыл суть понятия культуры академической честности, подчеркнул важность проведения сертификации антикоррупционной деятельности. В докладе содержалось подробное описание технологий обеспечения прозрачности и объективности оценки результатов обучения, в том числе и во время сдачи экзаменов в онлайн формате.

Доктор юридических наук, профессор Гульнара Усеинова представила на онлайн-вебинаре доклад «Конфликт интересов как угроза возникновения коррупции в системе высших учебных заведений». В нем она раскрыла механизмы возникновения коррупции и подробно остановилась на методах их предотвращения. Также она высоко оценила внедренные в КазНУ технологии формирования антикоррупционного мировоззрения у молодежи.

Выступившие с докладами спикеры не только поделились опытом работы по формированию антикоррупционного сознания у молодежи, но и ответили на вопросы участников онлайн конференции.

Соб. корр.

КІТАПТЫҢ ОНЛАЙН ФОРМАТТАҒЫ ТҰСАУКЕСЕРІ

1 шілде күні сағат 11.00-де «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Тәуелсіз Қазақстанның конституциялық құрылысындағы рөлі: Елбасы тәжірибесі» кітабының онлайн-тұсаукесері өтеді.

Іс-шараның ұйымдастырушылары - Конституциялық Кеңес және Нұрсұлтан Назарбаев қоры.

Кітап Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған және Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспары шеңберінде басылып шықты.

Басылымда Елбасының басшылығымен Республика Конституциясын жазу, елімізде конституциялық құндылықтарды одан әрі бекіту және дамыту процесі жан-жақты сипатталған. Елбасының серіктестері Республиканың Тұңғыш Президентінің жетекшілігімен жаңа қазақстандық мемлекеттілікті нығайту жолындағы тарихи кезеңдер мен жетістіктер туралы өз пікірлерімен бөліседі. Кітап Ұлт Көшбасшысының сөйлеген сөздерінен, конституциялық саясаттың негізгі бағыттары талқыланды мемлекеттік органдардың отырыстарынан және өзге де дискуссиондық алаңдардан жинақталған практикалық материалдарды да қамтыды.

Кітап конституциялық құрылыстың қазақстандық тәжірибесін зерттейтін жаңа ұрпақ саясаткерлеріне, тарихшы-ғалымдарға және заңгерлерге арналған. Презентацияға you-tube арнасы арқылы қағысуға болады: <https://youtu.be/-IMEfgSX6FI>.

Конституциялық Кеңестің сайтында тікелей трансляция қолжетімді болады.

Өз тілішімізден


ГАРМОНИЯ НЕДР ГЛАЗАМИ АЛЬ-МАШАНИ

Центр аль-Фараби и кафедра картографии и геоинформатики факультета географии и природопользования 30 июня провели круглый стол «Гармония недр глазами аль-Машани», посвященный 1150-летию Абу Наср аль-Фараби в онлайн режиме.

Открывая круглый стол, директор центра аль-Фараби к.фил. наук Бекжан Мейрбаев отметил, что основной целью мероприятия является расширение представления о выдающемся мыслителе, ученом-энциклопедисте, известном во всем мире исследователе трудов Абу Наср аль-Фараби, аль-Машани.

В мероприятии приняли участие президент Союза маркшейдеров Казахстана, доктор технических наук, профессор Фарит Низаметдинов, проректор по науке Карагандинского технического университета, доктор технических наук, профессор Сергей Ожигин, директор института базового образования Машани КазНУ им. К. Сатпаева кандидат педагогических наук Айгуль Саренова, а также сын и правнук известного ученого аль-Машани.

Ученые Института проблем комплексного освоения недр им. Академика Н.В.Мельникова Российской академии наук (Москва) также приняли активное участие в работе круглого стола, особый резонанс произвел доклад заведующего отделом геомеханики, к.т.н. Евгения Федорова и ведущего научного сотрудника, к.т.н. Натальи Милитенко на тему «Гармония недр как основа устойчивого развития горнопромышленного комплекса



страны».

Ученики и последователи аль-Машани, а также докторанты, магистранты отметили, что впервые понятие «гармония недр» встречается в трудах академика Владимира Вернадского, который утверждал, что в недрах существует строгий порядок и полная гармония. Соразмерность естественных структурных блоков пород, слагающих геологическую структуру, в геомеханике называют гармонией недр.

Данное утверждение академик В.И. Вернадский сделал дойдя до истоков зарождения науки как в античной Греции, принадлежавшей исключительно мыслителю Аристотелю.

Стоит подчеркнуть, что Абу Наср аль-Фараби, последователь Аристотеля, называют «вторым учителем».

Разделяя истинное мнение, последователь Великого мыслителя Абу Наср аль-Фараби, Ажан Жаксыбекович Машанов Аль-Машани, всегда

подчеркивал, что закон гармонии – это всеобщий закон строения земной коры. Гармония недр означает соответствие между горным массивом и слагающими его частями, структурными блоками пород, которые возникли в соответствии с характером деформации массива, сложенного этими блоками. Данное представление вытекает из наблюдения многочисленных фактов, характеризующих условия залегания массивов горных пород. И систему трещин можно характеризовать как соразмерное, имеющее строгую закономерность, явление.

Широкий кругозор и знание арабского языка позволили Ажжану Жаксыбековичу аль-Машани сделать одно из великих дел – открыть миру роль великого ученого Абу Насыр аль-Фараби.

Кафедра картографии и геоинформатики

География және табиғатты пайдалану факультетінің картография және геоинформатика кафедрасы
«Әл-Машани көзімен жер қойнауының үйлесімі» атты онлайн дөңгелек үстел өткізді

«ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЮНЕСКО ХАБАРЛАМАЛАРЫНА ҮН ҚОСАДЫ

ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұжымы мен «Қазақ радиолары» бірлесе отырып коронавирус туралы жалған ақпараттың таралуын болдырмау үшін қазақ тілінде аудиоклип дайындады.



Бұл қадам пандемиядан қорғау және жалған ақпаратты таратуға қарсы күрес үшін әлемнің барлық радиостанцияларын жұмылдырған ЮНЕСКО бастамасын қолдауға арналады. COVID-19 туралы жалған ақпаратқа қарсы тұру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ЮНЕСКО әлемнің түкпір-түкпіріндегі радиостанциялар еркін пайдалана алатын бірқатар аудио хабарламалар сериясын шығарды. ЮНЕСКО бұл ресурстарды вируспен бірге сенімді емес ақпараттың зиянды салдарының алдын алу үшін ұсынды. Қысқа аудио хабарламалар індеттің алдын алу шаралары туралы пайдалы ақпарат береді, вирус туралы аңыздарды таратпау,

ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсетеді. Бұл хабарламалар тек ағылшын, француз, испан және араб тілдерінде таратылатын болса, қазір олар қазақ тілінде тыңдарманына жол тартты.

Дыбыстық клипті қазақ тіліне ҚазҰУ профессоры Гүлмира Сұлтанбаева аударды. Аудио хабарламалар кез-келген тыңдаушыға қол жетімді. Олар тегін жүктеледі және әлемнің әр түкпіріндегі мемлекеттік, жеке және қоғамдық радиостанциялар эфирге тарата алады. «Қазақ радиосы»-шынайы және объективті ақпарат таратуға шақырады.

Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы

Оқу мен тәрбие егіз, оларды бір – бірінен бөліп қарауға болмайды. Ұлы ойшыл бабамыз әл – Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп көрегендікпен дөп басып айтқан.

Ізгілік жобасы

Қазіргі таңда мемлекетімізде сапалы заманауи білім берумен қатар, болашақ жастарды ұлттық, әлеуметтік рухани – адамгершілікке тәрбиелеудің де қажеттігі артып отырғандығын байқаймыз.

Бүгінде ҚазҰУ студенттерімен тәрбие және әлеуметтік бағыттағы жұмыстар білім беру ісінің бастаулары екені сөзсіз. Бұл бағытта ректорымыз академик Ғалым Мұтановтың «Айналанды нұрландыр», «Салауатты өмір салты», «100 кітап», «Грин кампус» секілді әлеуметтік-тәрбиелік авторлық жобалары өз нәтижесін беруде.

Аталған жобалар бірі қайырымдылықты екіншісі, деніміздің салауаттылығын, үшіншісі, руханиятымыздың көжиегін кеңейтуді төртіншісі, қоршаған ортамыздың тазалығы мен көріктігін сақтауды үйрететіндігіне толық сенімдіміз. Олай айтуымыздың себебі жобалар бойынша атқаралып жатқан іс шаралардың тақырыптық атаулары мен мазмұндық сипаты, өткізу форматы қайталанбайтын, өзгеше әр-алуан болып келеді. Мұны аңғару қиын емес, университет бойынша 800 ден аса куратор-эдвайзерлік топ жұмыс жасайды. Әр эдвайзер өз топтарымен аталған әр жоба бойынша бірнеше мәдени, әлеуметтік-тәрбиелік іс-шаралар өткізіп жатыр. Бүгінгі елдегі қиын «төтенше карантин» жағдайында да жақсы ізгі шаралардың өту форматы (онлайн) өзгергенімен мәні, мақсаты жалғасын табуда.

Экономика мамандығы 1-курс студенттері «Айналанды нұрландыр» жоба аясында Алматы қаласы Ақжар кентіндегі Аманат әлеуметтік балалар үйіне қайырымдылық шарасы мақсатында барып қайтудың сәті түсті. Осы шараға байланысты жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған ба-лалардың көңіл-күйіне, тұрмысына және олардың руха-ни дамуына қандай көмегімізді тигізе аламыз деген сұраққа пікір алмастық.



Ата дәстүрімізде жетімні жылату – елдікке – сын, сүйекке – таңба еді. Сонымен уақыт сәтімен балаларға алған базарлығымызды алып, оны беріп, ойын-концерттік бағдарламамызды көрсетіп, үйлерінің ауласына алған мәуе ағаштарымызды бірге отырғызып балалардың бала күлкісі мен қуанышына бірге қуанып, нұрланып бір жаратушымыздан қуат алғандай болдық. Бұл рас, кім Алла ризалығы үшін бір жетімнің басынан сипаса, оның қолы тиген әр тал шашынан сайын жақсылық болады деген сөз бар. Барлық жақсылықтар тек имандылықтың, адамгершілік пен мейірбандықтың арқасында болады. Қайырымдылық қанат жайып, сүйіспеншілік, салтанат құрған елдің ғана болашағы баянды. Болашағымыз мәңгілік ел жолында осындай игі ісімізбен бақыт биігіне жете берейік!

**И. КУЛИЕВ,
Д. ТУАРОВ,**
экономика кафедрасының
аға эдвайзерлері

Қазақстан Республикасының индустриалды даму концепциясы қоғам дамуының инновациялық түріне көшуді, интеллектуалды сыйымды адам потенциалын қалыптастыруды, жастардың интеллектуалды капиталын мақсатты түрде дамуын көздейді.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жүйесінің инновациялық даму жолына өтуі жағдайында және оның сыртқы әлемге ашықтығының өсуіне құзыреттілік құндылықтары, еңбек мәдениеті, рационалды кәсіби жоғары деңгейі бар жас мамандар қажет. Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-экономикалық жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі бір жағынан білім беру процестері мен маман кадрларының кәсібилігінің сапасымен, еңбек мәдениетінің дамуымен анықталады.

Кітапхана қашан да және қай уақытта болмасын ең ғажайып, құнды, баға жетпес кітаптардың тұрағы, адам ақыл-ой, парасатының қоймасы болып қалады. Қазіргі кітапханалар ол тек қана кітаптар емес, ол міндетті түрде газет - журналдар, аудио және бейнетаспалар, CD – дискілер, алуан түрлі мазмұнды электронды ресурстардан құралады.

Ғылыми – техникалық процесстің

Онлайн кітапхана – оқырман талабы

қарқындауы салдарынан кітапхана қызметіне өзгерістер енгізіліп, электронды ақпарат құралдары, информатикалық даму күннен - күнге жетілгенімен кітаптың алар орны бөлек. Себебі, прогресті жасау үшін де адамзаттың кітапқа жүгінбеуі мүмкін емес. Қазіргі таңда кітапханашылар библиограф, редактор, PR менеджер, IT бағдарламашы,технолог әрі оқырмандармен жұмыс атқара білетін психолог, болуы қажет. Себебі қоғам жасанды интеллектпен, компьютерлік жаңа технологиялармен тығыз байланысты.

Елімізде COVID-19 індеті жайлап, төтенше жағдай жарияланған күннен бастап әрбір мекеме қашықтықтан жұмыстарын атқаруға көшті, осыған орай Алматы қаласының білім беру мекемелері және ірі кітапханалар барынша жұмыстарын онлайн режимінде атқаруға күштерін жұмылдырды. Атап айтсақ, ҚР Ұлттық кітапханасы және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасы оқырмандарға ақпараттардың қолжетімді, әрі тиімді жұмыстарын ұсынды. ҚР Ұлттық кітапханасы әрбір бөлім

қызметкерлері өздерінің тәжірибесімен бөлісу мақсатында онлайн-дәрістер ұйымдастырып оқырмандармен бөлісті. Кітапхананың басқа да көптеген онлайн қызметтерін пайдалану үшін кітапхана nlr.kz сайтына кіру арқылы қол жеткізуге болады. Әл-Фараби кітапханасы қордағы материалдармен танысу үшін дәстүрлі форматта ғана емес, сондай-ақ электронды нұсқасы да қолжетімді қызметі, сондай-ақ әдебиеттерге онлайн тапсырыс беру, толық мәтінді дерекқорларға тіркеліп электронды ресурстарды пайдалану, библиографиялық онлайн тапсырыс түрлері, яғни фактографиялық, тақырыптық, нақтылайтын, мекен-жайлық анықтамалар арқылы керекті құжаттарын 3 күндік мерзім ішінде сұранысы онлайн түрінде орындалады. Егер де сіз басқа қалада тұрсаңыз немесе кітапхананы келіп көруге мүмкіндігіңіз болмаса кітапхана сайтындағы виртуалды тур сілтемесі арқылы кітапхананың құрылымын және бөлімшелерін көріп тамашалауға болады. Әл-Фараби кітапханасы сондай-ақ, «Абай – руханияттың алтын қазығы» тақырыбында оқырмандар арасында

онлайн байқауын ұйымдастыруда, толық ақпаратты және онлайн қызмет түрлерін пайдалану үшін кітапхана сайтының <http://elibrary.kaznu.kz/> ұсынамын. Қазақстан кітапханаларының болашағын дамыту үшін қазіргі кезде қазақстандық жас кітапханашылардың айқын көзқарасын және кітапханашы кәсібінің оң имиджін қалыптастыру күрделі жұмыстардың бірі. Кітапханашылардың жұмыс кестесінің ұзақтығы және жалақысының төмендігі жастарды кітапханадан алшақтатады. Кітапхана ісі мамандығына түсетін студенттердің көпшілігі мемлекеттік грант иегерлері, ақылы бөлімде ешбір студентті кездестірмейтініміз хақ. Бүгінгі жастардан болашақ білікті маман даярлау үшін, алдымен Қазақстан кітапханаларының жағдайына мән беріп, жоғары деңгейдегі жаңа технологиялармен жабдықталған, жастарды қызықтыратын ақпараттық-креативті орталыққа айналдыруымыз қажет.

Назгүл ДЕНГЕЛЬБАЕВА,
тарих, археология және этнология
факультетінің аға оқытушысы

Какие знания и умения потребовались студентам КазНУ, чтобы успешно перейти на дистанционное обучение? Какие факторы послужили залогом успеха в этом непростом деле?

РЕСУРСЫ САМООРГАНИЗАЦИИ СТУДЕНТОВ



Стремительный прогресс во всевозможных отраслях науки предполагает наличие у квалифицированных специалистов не только соответствующих знаний, умений и навыков, но и его нацеленность на достижение высоких результатов и стремление к постоянному самосовершенствованию. Этот тезис неоднократно упоминается в докладах ЮНЕСКО; в них сформирована стратегия «обучения через всю жизнь» в качестве приоритетной задачи современной политики образования. Ученому, педагогу и любому другому специалисту необходимо идти в ногу со временем, успевать за инновациями в своей области. Это касается и студентов - будущих специалистов.

Задача овладения всеми педагогами вузов дистанционным обучением особенно актуальна сегодня, в период режима карантина. В этих условиях именно через дистанционное обучение (ДОТ), которое получило такое название, благодаря своей «гибкости» в отношении выбора места, времени и программы обучения, студенты получают возможность самосовершенствоваться в своей будущей профессиональной деятельности. У студентов есть возможность преодоления территориальных и временных трудностей с помощью виртуальной среды интернета. Таким образом, доступность данной формы обучения делает его с каждым днем все более и более популярным.

Для нашего университета дистанционная форма обучения не новая, т.к. в течение многих лет обучение студентов по образовательным программам высшего 2-го образования, а также студентов, выехавших за пределы Казахстана по программам обмена, ведется дистанционно. В КазНУ для студентов были созданы все возможности для плавного перехода на дистанционное обучение. В университете используется информационно-образовательная платформа «Универ 2.0», которая является инновационной разработкой КазНУ, а также Moodle. Но, очевидно, что к дистанционному обучению каждый студент должен быть готов. Речь идет не столько о технической базе или навыках владения компьютером и отдельными программами, а прежде всего о самостоятельной работе в процессе обучения. При этом знания, умения, навыки и личные особенности

преподавателей составляют «ресурсы» самоорганизации студентов. Не менее важными в процессе дистанционного обучения являются навыки самообучения и самовоспитания. Задача преподавателя рассмотреть эти навыки с точки зрения их практической реализации в обучении. Психологически наиболее важным в переходе к дистанционному обучению оказался процесс освоения нового типа управления - системного управления целостной ситуацией, предполагающей, прежде всего, изменение собственной личностной позиции и роли в учебной ситуации.

Опрос студентов факультета международных отношений показал, что новый формат обучения вызывает у них определенный интерес. Хотелось бы отметить, что абсолютное большинство студентов, как показала практика преподавания, свободно ориентируется в виртуальной среде и активно использует ее возможности в образовательных целях.

Алтынай БАЙТУКАЕВА,
и.о. профессора кафедры дипломатического перевода

Письменные экзамены в формате казусов и эссе – новый интересный опыт, способный заинтересовать не только читателей нашей газеты, но организаторов проведения онлайн-обучения.

ДИСТАНЦИОННЫЕ ЭКЗАМЕНЫ В ПИСЬМЕННОМ ФОРМАТЕ

Это опыт может быть полезен для совершенствования самой системы онлайн-обучения в высшей школе. Делимся опытом проведения письменного экзамена в формате казусов по уголовному праву Республики Казахстан «Особенная часть».

Первой сдавала экзамен в системе Moodle студентка со вторым высшим образованием С. Адилкулова. В соответствии с правилами проведения была установлена уникальность текста по всем письменным экзаменам – 50%. Обоснованием послужила специфика преподаваемых правовых дисциплин, в которых в обязательном порядке используются различные нормативные правовые акты, включая международные. А это в обязательном порядке отражается на оригинальности текста. Вместе с тем, в правилах письменного экзамена было указано, что баллы при низкой оригинальности текста в обязательном порядке снижаются.

По инструкции письменного экзамена студент имеет две попытки проверить текст на антиплагиат в системе Moodle. Вышеуказанная студентка первую проверку решения казуса на антиплагиат прошла с 59% оригинальности. Затем, исправив отмеченные места в тексте, повторно прошла проверку. Принимая во внимание первоначальный результат

проверки антиплагиата, указанная работа была оценена – 54%. Об этом были даны экзаменатором соответствующие комментарии в системе Moodle. Результаты экзамена остались без изменений. Узнав о проблемах с оригинальностью, студенты учебной группы, сдававшие письменный экзамен позже, решили подстраховаться. Так, некоторые из них в своих решениях казусов (задач) ограничились описанием норм особенной части уголовного законодательства без указания требуемых по данной дисциплине цифровых пунктов, частей и статей. Или не стали указывать нормативные правовые постановления Верховного Суда Республики Казахстан, боясь снижения оригинальности текста. Выбор казусов осуществлялся студентами по списку учебной группы, так как система Moodle не позволяет автоматически форматировать казусы. В этом, на наш взгляд, существенный недостаток данного формата письменного экзамена. Над этим следует подумать организаторам дистанционного обучения.

Эссе в качестве формата письменного экзамена было нами выбрано по дисциплине «Международно-правовая борьба с терроризмом» на 3 курсе русского отделения. Заранее были разработаны 17 тем для эссе при аналогичном количестве экзаменуемых. Так как система Moodle не позволяет автоматически форматировать темы эссе, то пришлось расписать фамилии студентов. В этом также проявился недостаток данной системы дистанционного обучения. С письменными заданиями в целом студенты справились. Однако боясь снизить оригинальность текста, некоторые из них старались не указывать полные названия международных конвенций и обходились лишь кратким списком литературы. Это негативно повлияло на качество их письменных работ. Извлекая уроки из письменного экзамена по решению казусов, мы не стали дополнительно осуществлять проверку эссе на антиплагиат, ограничившись лишь результатами проверок самих студентов в системе Moodle. У многих из них они были на удивление высокими. Однако проблема возникла у добросовестной студентки А. Молжигит. У нее процент оригинальности работы составил всего лишь 23,45%. При таком низком результате можно было бы сразу же выставить неудовлетворительный процент, так как работа не дотягивала до установленного порогового уровня оригинальности. Потребовалась тщательная проверка полного отчета текста ее работы. Изучение позволило твердо установить, что в источниках под цифрами 04 (10,57%), 05 (25,27%) и 10 (3,15%) имелось не заимствование студенткой текста, а лишь цитирование

международно-правовых актов. В сумме такое цитирование составило – 39,1%. Таким образом, оригинальность в пересчете составила – 62,55% и стала выше, чем 50% пороговый уровень оригинальности, установленный в Правилах проведения письменного экзамена по данному предмету. Окончательная оценка – 75%. Аргументы были также размещены в комментариях к данной работе в системе Moodle. В последующем к выставленным экзаменатором баллам не было претензий. Чтобы у студентов не возникли вопросы к результатам проверки письменных работ и к выставленным баллам, к каждому из них был дан краткий письменный комментарий. Отсутствие апелляций объясняется этим важным обстоятельством. В заключение следует обратить внимание на важность помощи со стороны молодой коллеги кафедры А. Маулен, которая практическими советами и самостоятельно снятыми на видео консультациями помогала членам кафедры разобраться в тонкостях работы онлайн-систем Zoom и Moodle.

М. САМАЛДЫКОВ,
доцент кафедры международного права к.ю.н.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасы Жапонияның бірқатар университеттерімен академиялық мобильділік бойынша студенттермен алмасу жайында келісімшартқа қойылған. Соның арқасында Қиыр Шығыс кафедрасының студенттері ғана емес, аяулы университетіміздің өзге факультеттерінің де студенттері Жапонияның жоғары оқу орындарында жыл сайын тағылымдамадан өтіп жатыр.

Білімде шекара жоқ



Білімнің қара шаңырағы ҚазҰУ мен ресми келісім жасасқан Жапонияның алдыңғы қатарлы мемлекеттік университеттерінің бірі – Токио шет тілдер университеті (Токио қаласы). 1873 жылы іргесі қаланғалы бері біржарым ғасырға жуық уақыт өткен Токио шет тілдер университеті халықаралық қатынастар саласына негізделген Жапонияның ең көне университеті болып табылады. Университет түлектерінің ішінде Жапонияның өзге елдердегі елші қызметін атқарып жүрген жоғары шенді мемлекет қызметкерлері, префектура басшылары (біздің жүйеде айтқанда әкімдер), түрлі деңгейдегі саясаткерлер, ақын-жазушылар, телерадио басшылары, халықаралық корпорациялардың директорлары және бас менеджерлері, атақты журналисттер және т.б. бар.

Академиялық алмасу бағдарламасымен алғаш рет Токио шет тілдер университетіне магистратурада оқып жүрген кезімде бір жылға бардым. Токио қаласының орталықтан қашықтау солтүстік-батыс бөлігіндегі Фучю қаласында орналасқан университеттің кампусы таза, кең, жасыл желегі жайқалған қалпымен қарсы алды. Жапония негізінен халқының 99% астамы жапондықтарды құрайтын монохалық, содан болар Жапонияда жүргенде сырт келбетің азиялық болмаса, өзіңнің шет елдік екендігі бірден сезесің. Алайда,

бұл университет әлемнің 72 елінің 203 университетімен тығыз байланыс орнатып, 74 тілді оқытатынынан болар, шет елдік студенттердің саны өте көп екендігі бірден байқалады.

Аталмыш университетте жыл сайын студенттер университеттік фестиваль ұйымдастырады. Оған негізінен бірінші және екінші курс студенттері қатысады. Бірінші курс студенттері өздері оқитын елдің ұлттық тағамын пісіріп сатса, екінші курс студенттері

сол елдің тілінде көрініс қояды. Одан өзге университетте түрлі би және спорт клубтары бар. Фестиваль барысында түрлі клубтар да өздерінің концерттік бағдарламаларын фестиваль қонақтарына және университет студенттері мен ұстаздар қауымының назарына ұсынады. Бес күн жалғасатын фестиваль кезінде оқу процесі тоқтатылады және барлық студенттер демалысқа шығады. Дегенмен, олардың барлығы шығармашылықпен айналысып, топтарымен қызықты бағдарламалар ұсынып, өзге қонақтармен бірге фестивальды қызықтап жүреді.

Академиялық ұтқырлықпен барған қазақстандық студенттер ретінде біз де фестивальға қатысып, өз үлесімізді қосу мүмкіндігіне ие болдық. Әрине фестивальға қатысу ерікті түрде, алайда жапон жұртшылығын елімізбен, өзіміздің мәдениетімізбен таныстыру біз үшін үлкен қуаныш болды. Біз Қиыр Шығыс кафедрасынан барған үш студент қос етек көйлегімізді киіп, Қазақстан жайлы қызықты презентация жасап, қазақша өлең айтып, ұлттық биімізді билеп, ата дәстүрімізді шет елдік қауымның алдында паш еттік. Осындай жағдайларда өз еліңнің салтын біле жүрген қаншалықты маңызды екені анық сезіледі.

Ақтолқын РУСТЕМОВА,
Қиыр Шығыс кафедрасының
3-курс докторанты;

Жанар АШИНОВА,
Қиыр Шығыс кафедрасының
доценті, т.ғ.к.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасы Жапонияның бірқатар университеттерімен академиялық мобильділік бойынша студенттермен алмасу жайында келісімшартқа қойылған. Соның арқасында Қиыр Шығыс кафедрасының студенттері ғана емес, аяулы университетіміздің өзге факультеттерінің де студенттері Жапонияның жоғары оқу орындарында жыл сайын тағылымдамадан өтіп жатыр.

Бұл жолы Токио шет тілдер университетінің (Токио қаласы, Жапония) профессоры, PhD докторы Окада Акиито мырза Қиыр Шығыс кафедрасына келіп, Жапонияның білім беру жүйесі жайлы дәріс оқыды. Аталмыш университеттің Ғаламдық зерттеулер институтында жұмыс істейтін профессор Окада магистр дәрежесін АҚШ-тың Нью-Йорк университетінің Білім мектебінде (School of education) мәдениетаралық коммуникация мамандығы бойынша тәмамдап, PhD доктор дәрежесін Ұлыбританияның Оксфорд университетінде қорғаған. SCOPUS халықаралық базасына кіретін баспаларда бірнеше мақалалары жарық көрген профессор Окада дәріс барысында Жапонияның білім беру жүйесінің қалыптасу тарихы мен даму кезеңдері, қазіргі таңдағы өзекті мәселелері, түрлі әлеуметтік топтар

Танымал профессор дәрісі

өкілдері арасындағы білім алудағы мүмкіндіктердің теңдігі жайлы баяндап қана қоймай, студенттермен топтық жұмыстар жүргізді. Профессор Окада университеттегі ұстаздық жұмысынан өзге көптеген халықаралық ұйымдарда маңызды қызметтер атқарады, мәселен, жапондық және шет елдік студенттерге оқу гранттарын бөлетін ұйымдар, атап айтқанда JASSO, Цуджи Азия халықаралық грант қорының қабылдау комиссиясының құрамына кіреді. Одан өзге Халықаралық студенттерге білім беру қоғамының (International Student Education Society) директорлар кеңесіне кіріп, 1999 жылдан қазіргі таңға дейін Британдық жапонтанушылар ассоциациясының толыққанды мүшесі болып саналады. Профессор Окада факультет студенттеріне мәдениетаралық коммуникацияның да ерекшеліктерін өте қызықты, түсінікті деңгейде шеберлікпен жеткізіп, көрнекті мысалдар арқылы студенттердің қызығушылығын тудыра білді. Екі аптаға созылған дәріс барысында Қиыр Шығыс кафедрасының студенттері еліміздің білім беру жүйесін Жапония, Ұлыбритания елдерінің жүйелерімен салыстырып, оның ерекшеліктері жайлы өз пікірлерімен бөлісіп, маңызды мәселелерін талқылады.

Қазақстанға алғаш сапары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі дәрісімен басталған профессор Окада,



ыстық ұямыздың басты корпусымен танысып, оның табиғаты мен кеңдігіне таңырқанды. Студенттеріміздің білімге құмарлығын ерекше атап өтіп, Токио шет тілдер университетіне шақырып, Қазақстаннан барған студенттерге әрқашан қуанышты екендігін ерекше атап өтті. Орта Азия елдері мен Жапонияның арасындағы байланыс жыл санап күшейіп келе жатқандығы ең алдымен адами ресурстардың көбейіп, өзара ынтымақтастықпен тікелей

байланысты екендігін айтқан профессор, қазіргі таңда Қазақстаннан келген санаулы студенттерді ғана тәрбиелеп отырғандығын айтып, олардың санының артуына тілектес екендігін білдірді.

Ақтолқын РУСТЕМОВА,
Қиыр Шығыс кафедрасының
3-курс докторанты
Жанар АШИНОВА,
Қиыр Шығыс кафедрасының
доценті, т.ғ.к.

Еліміздегі қалыптасқан төтенше жағдайға байланысты 2020 жылдың 16 наурызынан бастап оқыту барлық оқу орындарында, сонымен қатар, Қазақ ұлттық университетінде де қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы жүргізілді.

Аталған жағдайға байланысты, ҚазҰУ оқытушылық-профессорлық құрамы екі ақпараттық-білім беру жүйелерінде – «Универ» (univer.kaznu.kz) және «MOODLE» (dl.kaznu.kz) қашықтықтан оқыту платформаларына арнайыландырылған бағдарлама дайындап шығарды. Яғни, әдетте оффлайн режимде берілетін дәрістер толығымен трансформацияланып, бірегей ережелер жүйесіне тәуелді түрде студенттердің онлайн жаңа форматтағы білімді қабылдай алуына ыңғайландырылды.

Студенттердің жаңа ақпаратты игеруі тиімді әрі нәтижелі болуын қамтамасыз ету үшін университет цифрлық техниканы қолдану және орнату бойынша әдістемелік материалдарды дайындауды өз мойнына алды, сондай-ақ, оқытушылар мен студенттердің өзіндік жұмыстарын бағалауға арналған электрондық практикумдар әзірленді.

Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізу – білім берудегі

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН



халықаралық ынтымақтастықты дамытудың пәрменді құралы, ендеше, карантин шарттары сақталып тұрған қоғамда студенттер Қазақстанның әр түрлі қалаларына, аудандарына, ауылдарына оқшауланған кезде бұл біршама аймақтарды білімге жетелеп, байланыстырудың негізгі аспабы болып тұр.

Білім адамға іштен берілетін емес, сырттан келетін жаңашылдық. Оқымай білімді боламын дегендер тормен су алғысы келгенмен тең. «Біз қанша білсек, сонша нәрсе қолымыздан келеді. Сондықтан да, білім – күш», – деген екен ағылшын философы Френсис Бэкон. Өзен өзіне келіп құйған бұлақтардың бәрін қабылдай бергеннен ғана үлкейетіні

белгілі. Білімділік те солай, оқып қана қоймай, бойға сіңіре білсе, білім кеңейеді, тасиды.

Бұл кезең студенттердің жаңаға ашық болуға уақытын үнемдеп берді. Заманға сай модернизацияланған барша мүмкіндіктерге жай назар салып отырмай, күннің көп бөлігін сол мүмкіндіктердің әрқайсысын ақылмен пайдаланып, кәдеге жаратқандары жөн болады. Осы жолда жастардың тәртібі, өзін-өзі басқаруы және тәрбиелеуі нәтижеге қол жеткізуде басым рөл атқарады. Әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген, тәрбиелі жастар ғана оқшаулау кезеңінде қашықтықтан білім алудың берілген барлық жаңа мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланып, заманауи тұлға ретінде қалыптасады.

**Ғ. ТҮРСЫНБАЙ,
А. НУРМУХАНОВА,**

*жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының
1-курс магистранты*

Болезнь, вызванная коронавирусной инфекцией COVID-2019, – это инфекционно-заболевание, вызванное новым, ранее неизвестным коронавирусом. У большинства заболевших COVID-19 наблюдаются легкие или умеренные симптомы, выздоровление происходит без специфического лечения.

КАК РАСПРОСТРАНЯЕТСЯ ЗАБОЛЕВАНИЕ

Вирус, вызывающий заболевание COVID-19, передается преимущественно через капли, выделяющиеся из дыхательных путей инфицированного человека при кашле, чихании или дыхании. Ввиду своей массы эти капли не задерживаются надолго в воздухе и быстро оседают на пол и другие поверхности.

Заразиться вирусом можно воздушно-капельным путем, находясь в непосредственной близости от человека с COVID-19, или в результате переноса вируса руками с зараженной поверхности на слизистые оболочки глаз, носа или рта. Коронавирусная инфекция COVID-19 воздействует на различные группы людей в разной степени. У большинства инфицированных болезнь протекает в легкой или средней форме тяжести, и им не требуется госпитализация.

Часто наблюдаемые симптомы:

- повышение температуры тела;
- сухой кашель;
- утомляемость.

COVID-19



У некоторых инфицированных могут также наблюдаться:

- различные болевые ощущения;
- боль в горле;
- диарея;
- конъюнктивит;
- головная боль;
- потеря обоняния и вкусовых ощущений;
- сыпь на коже или депигментация ногтей на руках и ногах.

Симптомы тяжелой формы заболевания:

- затрудненное дыхание или одышка;
- ощущение сдавленности или боль в грудной клетке;

–нарушение речи или двигательных функций.

Если у вас наблюдаются симптомы тяжелой формы заболевания, незамедлительно обратитесь за медицинской помощью. Прежде чем посещать клинику или больницу, позвоните и предупредите о своем визите.

Людям, у которых наблюдаются умеренно выраженные симптомы и нет других заболеваний, рекомендуется симптоматическое лечение в домашних условиях.

В среднем между моментом инфицирования и появлением

симптомов проходит 5–6 дней, однако в некоторых случаях этот период может занимать до 14 дней.

Чтобы защитить себя и окружающих, пользуйтесь проверенной информацией о болезни и принимайте необходимые меры профилактики. Следуйте рекомендациям местных органов здравоохранения.

Для предупреждения распространения COVID-19:

Соблюдайте правила гигиены рук. Часто мойте руки водой с мылом или обрабатывайте их спиртосодержащим антисептиком для рук.

Держитесь на безопасном расстоянии от чихающих или кашляющих людей.

Не прикасайтесь руками к глазам, рту или носу.

При кашле или чихании прикрывайте рот и нос локтевым сгибом или платком.

Если вы чувствуете недомогание, оставайтесь дома.

В случае повышения температуры, появлении кашля и одышки обратитесь за медицинской помощью. Вызовите врача по телефону.


Следуйте указаниям местных органов здравоохранения.

Исключение неоправданных посещений медицинских учреждений позволяет системе здравоохранения действовать более эффективно и тем самым лучше защищать ваше здоровье и здоровье ваших сограждан.

Ж. ЖУНУСОВА,

заместитель директора Центр Биомедицины и формирование ЗОЖ

Астана күнімен!



Суреттер ғаламтордан алынды

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,
Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.